

Чуханов С.  
**Қауам әд-Дин әл-Итқанидің  
өмірі мен діни шығармалары**

Мақалада VII ғасырдың соңында Итқан қаласында дүниеге келген Қауам әд-Дин әл-Итқанидің өмірі мен діни шығармалары туралы баяндалады. Автордың өміріне шолу жасалып, оның еңбектерінің құндылығы жайында сөз болады. Жалпы мақалада қазақ жерінде кіндік қаны тамған бабамыз ретінде оның діни шығармаларын талдап ұсынамыз. Қауам әд-Дин әл-Итқанидің діни тұлғалығын жастарға насихаттау мәселесімен өзекті десек, екіншіден, ғасырлар бойы имам Ағзам Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын қазақ халқының діни руханиятында Қауам әд-Дин әл-Итқанидің және оның діни шығармаларының өзектілігі көрініс табады. Алдағы уақытта әл-Итқанидің діни еңбектерін жазуға қандай себеп-салдар болғандығын, өзі өмір сүрген ортадағы оқиғалардан алған әсерін анықтап, оларды жан-жақты қарастыру мәселесі де ғалым бабамыздың рухани әлеміне үніліп, оны жақыннан тани түсуге айтарлықтай ықпал етеді деген пікірдеміз.

**Түйін сөздер:** әл-Итқани, Әбу Ханифа, фикһ, мазһаб.

---

Chukhanov S.  
**Life and creativity Qavam  
ad-Din al-Itkani**

The article describes the religious works Kavam ad-Din al-Itkani, who was born in the end of VII century in the city of Itkan in Kazakhstan. As well as an overview of biography author and discussed the value of his work.

**Key words:** al-Itkani, Abu Hanifa, fiqh, mazhab.

---

Чуханов С.  
**Жизнь и творчество  
средневекового ученого  
Кавам ад-дин аль-Иткани**

В статье рассказывается о религиозных произведениях Кавам ад-Дин аль-Иткани, родившегося в конце VII века в городе Иткан. А также делается обзор жизнеописания автора и обсуждаются ценности его произведений.

**Ключевые слова:** аль-Иткани, Абу Ханифа, фикх, мазһаб.

**ҚАУАМ ӘД-ДИН  
ӘЛ-ИТҚАНИДІҢ  
ӨМІРІ МЕН ДІНИ  
ШЫҒАРМАЛАРЫ**

Қауам әд-Дин әл-Итқани VII ғасырдың соңында, хижра жыл санауы бойынша 685 (миләди жыл санауы бойынша 1286) жылы Итқан қаласында дүниеге келген. Дәлірек айтқанда, хижра жыл санауы бойынша 685 жылдың шаууал айының 19 жұлдызында дүниеге келгендігі араб деректерінде жазылған [1, 241 б.]. Араб тілінде орта ғасырлардағы кісі аты-жөнін туған жерімен байланыстыра атау дәстүрі бойынша Қауам әд-Дин «*әл-Итқани*» кейде «*әл-Атқани*» (Итқанилық, Атқанилік, Итқан, Атқан қаласының тумасы) деп аталып кеткен. Араб тіліндегі Итқан немесе Атқан қаласы деп тұрғаны біздіңше Иқан қаласы. Бұл қаланың қай жерде орналасқаны жайында Қазақ Кеңес энциклопедиясында: «Иқан – орта ғасырларда салынған елді мекен; Түркістан қаласының оңтүстік шығысындағы қазіргі ескі Иқан бұрын солай аталған. Иқан қаласының негізі қашан қаланғаны жөнінде нақты дерек жоқ», – деген мәлімет келтіріледі. Ал профессор Ә. Дербісәлі «...ескі Иқанның орны қазірге дейін сақталған. Ол Түркістан ауданы Иқан ауылының орталығында», – деп жазады. [2, 115 б.]

Қауам әд-Дин әл-Итқаниді араб жазбаларында «*Атқан, Итқани*» деген жазба үлгілерінде кездестірумен қатар кейде ол «*Әмир Кәтиб әл-Итқани* немесе *Әмир Кәтиб бин Әмир Умар әл-Атқани*» деген атаулармен де аталады. Әбу Ханифа мазһабының ұстанымдарын берік ұстанғандықтан, кейбіреулер оған «*Әбу Ханифа*» деп лақап ат беруге дейін барған. Бұл жайында профессор Ә.Дербісәлі де сөз ете келе «...Ибн Хаджар әл-Асқалани мен Ибн Фархун әл-Маликидің аталмыш дүниелерінде оның аты ... Әбу Ханифа ибн Сәбиттің есімімен (699-767) «*Әбу Ханифа*» деп те аталады. Дейтұрғанмен иқандық ғұлама бір өлеңінде өзінің аты-жөні жайлы: – «*Әбу Ханифа – куниям, ал сонан соң, // Қауам ад-Дин болды лақап ат(ым)*» дейді, – деп араб деректеріне сүйене отырып, мәлімет келтірген [3]. Бұл да пікір үндестігінің бір айғағы.

Түйіндеп айтқанда, мақалаға арқау болып отырған бабамыздың өз аты Лутфулла болса керек. Ал куниясы – Әбу Ханифа, ал лақап аты – Қауам ад-дин. Оны Әмир Кәтиб (көркем жазудың хас шебері) деген лақап атпен де атаған. Әкесінің есімі – Әмир Умар әл-Әмид. Ал атасының есімі – әл-Әмид Әмир Ғази. Осы атауларға байланысты араб тілінде

оның есімі «*Шейх имам Қауам ад-Дин Әмир Кәтиб бин Әмир Умар әл-Итқани*» [4, 1849 б], «*Қауам ад-Дин Әбу Ханифа*» [5, 64 б], «*Әмир Кәтиб Әби Мухаммад бин Фази әл-Итқани әт-Туркистани*» [5, 175 б.] деген сияқты бірнеше нұсқада кездесетіндігі анықталды. Мұнан басқа араб тілді деректерде оның есімі кейде Қауам әд-Дин әл-Итқани әл-Фараби әт-Туркистани деген атаумен де кездеседі. Негізінде орта ғасырлық Түркістан, Иқан (Итқан), Фараб қалалар бір-бірінен аса ұзақ жатқан қалалар емес, керісінше көршілес жатқан қалалар болғандықтан бұлай атау қателікке жатпайды деп тұжырым жасауға болады. Бұл ортағасырлық тарихи қалалардың бәрі де бүгінде Қазақстан аумағында жатыр. Сондықтанда Қауам әд-Дин әл-Итқаниді біздің бабамыз әрі діни тұлғаларымыздың бірі деп нық сеніммен айта аламыз.

Қауам әд-Дин әл-Итқани бабамыз туралы алғаш рет 1995 жылы қазақ тілінде мәлімет жариялаған ғалым профессор Ә.Дербісәлі болған. Ғалым өзінің «Қазақ даласының жұлдыздары» атты еңбегінде Қауам әд-Дин әл-Итқани «...алғашқы білімді өз отанында алып, одан кейін Иқан медреселерінің бірінде ұстаздық еткенін...» [2, 116 б], – жазған болатын.

Қауам әд-Дин әл-Итқанидің өмірбаянына қатысты жазба деректердің барлығы дерлік оның Мысыр қаласында хижра жыл санауы бойынша 758 жылы, шаууал айында қайтыс болғандығын қуаттайды. Кейбір деректер шаууал айының 21 күнінде қайтыс болған десе, енді бір деректерде оның шаууал айының 11 күнінде қайтыс болғаны жазылған [6]. Десек те оның шаууал айында қайтыс болғандығы талас тудырмайды.

Әл-Итқани өзінің 73 жылдан аса саналы ғұмырын діни ілім алумен, әрі оны үйретуге, діни шығармалар жазуға арнаған. Қауам әд-Дин әл-Итқани өзі өмір сүрген замандағы ең көрнекті діни ғұламалар қатарына жатады.

Әл-Итқанидің діни тұлғалығы жайында пікір айтқан ғалымдар көп болған. Мысалы, *әз-Заһаби, әс-Сафди, Мухиддин әл-Қурайши, Ибн Хатиб, Ибн Фархун, әл-Мақризи, Ибн Хажар әл-Асқалани, Ибн Тагриберди, Ибн Шихна, әс-Сахауи, әс-Суюути* сияқты т.б ғалымдардың еңбектерінде Қауам әд-Дин әл-Итқани жайындағы деректер кездеседі. Сөзімізге дәлел ретінде нақты мәтіннен үзінді келтірер болсақ, кейбір ғалымдар «...Ол (Қауам әд-Дин әл-Итқани) іліміне және ілімінің ерекшелігіне, өз ілімін растауға һәм оны бекітуге жинақты ғалымдардың бірі» [7, 222 б.] деп баға берсе, енді бірі оны көреген адамдардың санатына

қосты [8, 175 б.]. Бір топ ғалымдар әл-Итқаниді «*Имам ғұлама*» (ғалымдардың көшбасшысы) деп санаған [9, 205б.]. Сондай-ақ «Ханафи мазһабының үлгі тұтар ғалымдарының бірі» [10, 459 б.] деген сияқты оған жоғары баға бере білген.

Қауам әд-Дин әл-Итқани ислам дінінің фикһ (діни шарифат) мәселелерінде имам Ағзам Әбу Ханифа жолын ұстанған діни тұлға. Бұл ешбір айғақ, дәлелді қажет етпейді. Себебі, ол өзінің дін саласында жазған еңбектерінің бәрін де осы Әбу Ханифа мазһабының көзқарастарын ұстана отырып жазған. Тіпті кейбір замандастарының жазып қалдырған еңбектерінде Қауам әд-Дин әл-Итқани фикһ (діни шарифат) мәселесі жайында сұралған сұрақтарына нақты дәлелдер келтіре отырып, жан-жақты түсіндіріп жауап беретіндігі жайында мәліметтерді кездестіруге болады.

Әл-Итқани өзінің өмірінің соңына дейін өзі ұстанған жолдан таймаған, яғни өмірінің соңына дейін Әбу Ханифа мазһабын берік ұстанған. Сондықтан да оны дін ғалымдары имам Ағзам Әбу Ханифа мазһабының ілімін терең меңгерген, әрі оның жолына ілескен діни тұлға ретінде санайды [11, 19 б.]. Тіпті оның «*Әбу Ханифа*» деген лақаб есімінің кең тарауының да бірден бір себебі осы жатса керек.

Ал енді Қауам әд-Дин әл-Итқанидің діни сенім-наным тұрғысынан қай сенімде болған деген сұраққа жауап іздесек, бізге жеткен діни жазба деректердің барлығы дерлік оның әл-Матруди ақидасын ұстанғанына дәлел болады. Біз оларды топтастыра отырып, мынадай қорытынды жасаймыз. Біріншіден, сенімдегі Матруди мазһабы Қауам әд-Дин әл-Итқани өмір сүрген заманда кең таралған діни сенім мазһабтардың бірі болған. Өсіресе Мауарәннаһрда (бүгінгі Орта Азия елдерінде) [12, 85 б.]. Екіншіден, әл-Итқани имам әл-Матруди мазһабын ұстанушы ғалымдардың шәкірттерінің бірі саналады. Үшіншіден, діни сенім тұрғысындағы мәселелерде әл-Итқани әл-Матруди мазһабындағы ғалымдардың сөздерін дәйек ретінде келтіреді. Бұл пікірлерді өз тарапынан қуаттай отырып, оларды мақтап, қолдайды.

Қауам әд-Дин әл-Итқанидің иман анықтамасын «*иман дегеніміз – жүректен сену әрі оны тілмен айту*», – деп түсіндіруі оның имам әл-Матруди діни сенім мазһабын (жолын) ұстанғанына бұлғартпас дәлел бола алады. Алла Тағаланың сипаттарын және көркем есімдерін бекіткені секілді; шариғи үкімдерді қабылдау: «Құдай біреу, Ол мәңгі Тірі, Білуші, Құдіретті,

Естуші, Көруші, Қалаушы, Сөйлеуші сипаттары Оған тән, мұның кереғар мағыналары Аллаға тән емес, онымен Ол сипатталмайды деген тұжырым жасайды. Осы мәндес пікірлер (Тірі, Білу, Құдірет, Есту, Көру, Қалау, Сөйлеу) Нәсәфи ақидасының түсіндірмесінде жазылған [13, 108б]. Мұнан басқа тек ахад хадистермен ақида бекітілмейтіндігін айтқан [14, 177б].

Егер біз әл-Итқанидің бір нәрсені жақсы немесе жаман деп бағалаудағы сөзіне назар аударсақ, оның Матруди ақидасын негізге алғандығын байқаймыз. Нақтырақ айтқанда, «ақыл дегеніміз бір нәрсенің жақсы немесе жаман екендігін ажыратып білу. Ақыл бекіткен нәрсені шарифат қуаттаушы» [14, 151 б.] деген тұжырымға қатысты Қауам әд-Дин әл-Итқани өзінің «*Табиин*» атты еңбегінде: «...біліп ал, егер жақсы нәрсеге бұйырса, оны орындау лайықты болады. Өйткені, бұйрық жақсы нәрсенің орындалуын талап етеді. Енді жақсы нәрсе оны орындауды талап етеді. Нәтижеде оны бұйырған нәрсе жақсы болады, адамдарға пайдалы сол сияқты бір нәрсемен қайтаратын болса, оны жоқ қалдыру лайықты. Жаман нәрсе ол болмау керек. Қайтарылған нәрсе адамдар үшін зиянды нәрсе», – деп түсіндіре келе «...біліп ал, жақсы нәрсеге бұйыру ол хикметті нәрселер. Енді, бізге бұйрықтың келуі жақсы нәрсенің дәлелі. Бізге келген бұйрық ақылға сай жақсы нәрсе. Ал енді, хадис ғалымдарының пікірінде ақыл дегеніміз жақсы мен жаманға бұйрық келмейінше өзі келе алмайды» [11, 488-489 б.], – деп өз пікірін нақты білдіреді. Бұл айтылғандар жоғарыдағы әл-Матруди ұстанымдарымен үндетіп жатқандығы дау туғызбайды.

Қауам әд-Дин әл-Итқани өз заманындағы саяси жағдаяттарға белсене араласқандығына оның қазылық, пәтуа, шәкірттерге сабақ беру сияқты сол кездегі кейбір лауазымды қызметтерді атқарғандығы дәлел бола алады. Әл-Итқани өзі өмір сүрген қоғамдағы діни мәселелер жайында жан-жақты хабардар бола отырып, кәлам, фикһ, усул фикһ ілімдері саласында қалам тартып, діни еңбектер жазған. Оның жазған еңбектерінің кейбіріне қысқаша тоқталсақ:

«*Ғайатул баян уа надиратул ақран фи ахирил заман*» атты еңбегі. Бұл еңбекті жазуға түрткі болған мәселе оның қажылыққа сапар шеккен кезде бір топ Ханафи мазһабын ұстанушылар мен кейбір ирактық мұсылмандар «әл-Һидая» кітабын көпшілікке түсінікті тілмен түсіндіріп жазып беруін өтінеді. Осы өтініш бойынша «*Ғайатул баян уа надиратул ақран фи ахирил заман*» атты еңбегін жазады. Бұл

еңбек ортаазиялық діни ғалым Бурхануддин әл-Марғинанидің [1123-1197] «*әл-Һидая*» [15] атты кітабын көпшілікке түсіндіру мақсатында жазылған түсіндірме кітап. Сондықтан мұны көпшілік «әл-Һидаяның шархы» деп атап кеткен. Бұл шығарма һижра жыл санауы бойынша 721 жылы, рабиғул ахир айында Каир қаласында бастап, һижра жыл санауы бойынша 747 жылы, зул қаъда айында Дамаск қаласында аяқтайды. Бұл кітаптың толық жазылуына барлығы 26 жыл 7 ай уақыт кеткен [16, 278-279 бб].

«*Табиин фи усул фикһ*». Бұл еңбек Хусамиддин Ахсикисидің «*Мунтахиб фи усулил мазһаб*» атты еңбектің шархы (түсіндірмесі). Әл-Азхар университетінің шарифат және құқық факультеті, Усул фикһ бөлімінің докторы Сабир Насирдің айтуынша бұл еңбекті жазған кезде әл-Итқани жасы 20, 30 жас шамасында болғандығын топшылайды. Себебі ол әл-Итқани бұл шығармасын һижра жыл санауы бойынша 716 жылы аяқтағанда, ол 31 жаста болған деген пікірді алға тартады.

«*Рисалату Дамашқи фи тарк рафафи салати, уа ғадаму жауазуһу ында ханафи*» атты еңбегі. Бұл еңбекте автордың Дамаскіде жүрген кезінде, сол жердегі болған уақиғаларды келтіреді. Осы еңбек арқылы сол замандарда болған оқиғалардың бір қырын танып біле аламыз. Бұл діни шығарманың бірнеше нұсқалары бар. Солардың ішінде әл-Харам Мәкки кітапханасындағы нұсқасын ерекше айта кетуге болады. Әл-Итқани осы діни еңбегін жазуға түрткі болған оқиға жайлы: «...һижра жыл санауы бойынша 747 жылы, ережеп айының 10 күні Шам (Дамаскі) қаласына келген кезде, мен Дамаскідегі найб Сайыр Амир Найб Дамаскпен сол жылы рамазан айының 27-ші түнінде кездестім. Ақшам намазына бірге бардық. Имам қолын руқуға көтергенін көрдім. Намазымды өтеп болған соң, мен оған: Сен Шафиғи немесе Мәлики мазһабын ұстанасың ба? деп сұрадым. Ол: мен имам Шафиғи мазһабындамын деді. Мен оған: намазда екі қолды көтермеудің саған ешбір зиян тимейді емес пе, негізінде намаз өтеу барысында екі қолды көтермеу сауапты іс дедім. Ол бізге ... біздің мазһабымыз ең дұрысы дей келе өзінің құрметі түсіп кетуден қорықпай «намазда екі қолды көтеру арқылы намаз бұзылмайды, біз үшін Әбу Ханифадан еш нәрсе қабылданбайды», – деп батыл жауап қайтарды. Біз онымен: *Махкул ан-Насафий* риуаятында келген [17, 385 б.], деп онымен ұзақ уақыт бойы пікір таластырдық, осы оқиғадан кейін осы рисаланы («*Рисалату Дамашқи фи тарк рафафи салати, уа ғадаму*

жауазину ында ханафи» атты шығармамды) жинақтадым» [18, 625б], – деп осы еңбектің жазылу себебін жазып қалдырған.

«*Рисалату фи ғадам сихати салатил жума фи маудиан минал бадан*» (19, 410 б.) атты еңбегі.

«*Әл-Ләләли маснуа'уа шархуһа*». Бұл еңбек «*Қасидатус сифат фи даруратил сигир*» [20, 40 б.] деп те аталады.

«*Кададатул бада*». Бұл еңбекте автор өз заманындағы жаңадан шыққан діни топтарға қарсы шығып, олардың пікірлерінің қателігін дәлелдейді. Бұл еңбектің қолжазбасы Голландияның Лейден кітапханасында 228-нөмірімен сақтаулы.

«*Рисалатуш Шудхат ли муғтазила фи рад а'ла замақшиарий*» атты еңбегі. Бұл діни шығарма Муғтазилердің айтқан пікірлеріне қарсы жауап ретінде жазылған еңбек саналады.

«*Рисалату ғалия*» [21, 44 б] атты еңбегі.

Қазіргі кезде Қауам әд-Дин әл-Итқани еңбегі деп танылған сегіз діни шығарманы келтіре отырып, әл-Итқанидің фикһ және усул әл-фикһ саласында өзіндік қолтаңбасы бар діни тұлға екендігін алға тартамыз. Сондай-ақ хадис ілімі және кәлам ілімдері саласында да орны ерекше екендігін айта кеткен жөн. Осы орайда айта кететін бір мәселе, әл-Итқани өз еңбектерінің барлығында авторды «*әлсіз пенде*» немесе «*мұңайған жігіт*» деп өз өзіне кішіпейілдікпен қарап баға бергендігін аңғаруға болады. Бұл ғалымның қарапайымдылығын, кішіпейілділігін аңғартса керек.

Қорыта айтқанда, Қауам әд-Дин әл-Итқанидің өмірі мен діни шығармалары біздің бүгінгі қазақ тілді қоғамда әлі өз деңгейінде жақсы таныла қоймаған діни тұлға деген тұжырым жасауға болады. Оның үстіне оның кейбір діни еңбектері сақталмаған, яғни біздің заманымызға дейін жетпеген. Бізге жеткен діни шығармалары бүгінде араб тілді қоғамда зерттелу үстінде. Себебі оның дін саласына қатысты

айтқан көптеген ой-пікірлері мен тұжырымдары бүгінгі қоғам үшін өзекті.

Ал қазақ тілді біздің бүгінгі қоғамда ғалымның діни шығармаларын зерттеп, зерделеу екі тұрғыдан маңызды деп топшылаймыз. Біріншіден, қазақ жерінде кіндік қаны тамған бабамыз ретінде оның діни шығармаларын талдап, Қауам әд-Дин әл-Итқанидің діни тұлғалығын жастарға насихаттау мәселесімен өзекті десек, екіншіден, ғасырлар бойы имам Ағзам Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын қазақ халқының діни руханиятында Қауам әд-Дин әл-Итқанидің және оның діни шығармаларының өзектілігі көрініс табады. Алдағы уақытта әл-Итқанидің діни еңбектерін жазуға қандай себепсалдар болғандығын, өзі өмір сүрген ортадағы оқиғалардан алған әсерін анықтап, оларды жан-жақты қарастыру мәселесі де ғалым бабамыздың рухани әлеміне үңіліп, оны жақыннан тани түсуге айтарлықтай ықпал етеді деген пікірдеміз.

Біз мақала барысында Әл-Итқани өзінің: «*Ғайат әл-Баян*», «*Табийн*», «*Рисалату Дамаск*» атты еңбектерін жазуға қандай жағдай түрткі болғандығы туралы қысқаша айтып өттік. Бірақ кей еңбектерінің алғашқы беттерінің жоғалып кетуіне, жарамсыз болып қалуына байланысты оның жазылу себебі күні бүгінге дейін беймәлім күйінде қалып отыр. Ендігі кезекте Қауам әд-Дин әл-Итқанидің өмір сүрген ортасын, ол кездегі саяси, діни оқиғаларды зерттеп, зерделеу арқылы оның діни шығармалары сол замандағы көкейтесті діни мәселелерін көтергендігін айғақты түрде дәлелдеп көрсетуді қалаймыз. Бірақ бұл өз алдына жеке бір ғылыми мақала болмақ. Мұнан басқа біз алдағы уақытта Қауам әд-Дин әл-Итқанидің мұсылмандық құқық негіздері саласындағы еңбегін, ой-пікірлерін зерттеу нысанысы ретінде қарастырып, оларды талдап түсіндіруді және оның бүгінгі қоғамдағы діни мәселелермен ұштастығын саралап, зерттеп, зерделеуді мақсат тұтамыз.

#### Әдебиеттер

- 1 Ахмад Ташрупризаде. Мифтах ас-сабада уа мисбах ас-сабада фи мауду'ат әл-улуум. – Бейрут, 1980. 2-том. – 241 б.
- 2 Дербісәлі Ә. Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. – Алматы: Атамұра, 2008. – 488 б.
- 3 Әл-Мақризи (Таки ад-Дин). Әл-Мауағиз уал-игтибар би зикри-л хутат уал- асар. – Каир, 2000. 4-том.
- 4 Аллама әл-Мауләй Мустафа бин Абдулла әл-Кустантиний ар-Рууми. Кәшф аз-зунун ан-Асами әл-кутуб уал-фунуун. – Бейрут. – 1992. – II том. – 1849 б.
- 5 Ибн Фархун. Әд-Дибәәжүл мәзһаб фи маърифат аъйан уләмәәи әл-мазһаб. – Бейрут, 1996.
- 6 Юсуф Туғри Бурди Әл-Әтабики. Манхуалу Сафи уал Мустауфа Бағдал Уафи. Каир. Әл-Хая әл-Мысрия әл-Аммалил куттаб. 1984 ж. XIII том.
- 7 Табақату Сания фи таражиму әл-ханафия. Муалла Таки Еддин бин Абдел Қадер Аттамими әл-Дари. – Рияд, 1983. II том.
- 8 Әби әл Аббас Ахмад бин Хасан Али бин Алхатиб. Әл уафаяти Лисан. – Бейрут: Дару әл-Афак, 1987. II том.

- 9 Мухиддин Өби Мухаммад. Жауаһуру мудия фи табақату ханафия. – Каир: Мактабату эл Усра, 1993. – 2168 бет.
- 10 Өл-Хасан Омар эл-Хабиб. Тазкияту Өн-Набия. Каир. Өл-Хая эл-Мысрия эл-Амма лил куттаб. 1986 ж. III том.
- 11 Қауам әд-Дин эл-Итқани. Таби`ин. – Каир. – 758 бет. (қолжазба)
- 12 Өбу Мансур Өл-Матруди. Тауилат Өһлу Сунна. Бейрут. Дару эл-Кутуб эл Илмия. 2005. 6232 бет.
- 13 Абдулла Харари. Маталибу ал-Уафия. Бейрут. Дару эл-Кутуб эл Илмия. 1998. 176 бет
- 14 Ахмад Иуадулла эл-Хиби. Өл-Матруди дирасатан уа тақуиман. Рияд. Дару эл-Асима. 324 бет.
- 15 Бурһануддин эл-Марғинани. Өл-Һидаяһ. Бейрут. Дару эл-Кутуб эл Илмия. – 2010. – 1120 бет.
- 16 Нушату дарул кутуб эл-Мысрий рақам 276. (Мысыр қаласындағы кітаптар тізімі №276)
- 17 Өбу Абдулла Мухаммад бин Ахмад эл-Ансари эл-Куртубидиң. Өл-Жамиғ ли Ахками Куран уал мубаинн лима Тадмануху минасунна уа Өйулфуркан. Каир. Дәрул кутубул эл-Мысрия. 1935 ж. X том.
- 18 Ибн а`бидин. Раддул Мухтар. Бейрут. Дару эл-Кутуб эл Илмия. 14 том.
- 19 Хажий Халифа. Фи кашфу зунун. Бейрут. Дару эл-Кутуб эл Илмия. 2008 ж. – 4144 бет.
- 20 Мустафа Абдулла Өл-Кистантини эл-Әююми эл-Ханафи. Кашф Өз-Зунун. Аман. Дару эл Фикр. 1982 ж. II том.
- 21 Доктор Сабир Наср. Табиин. Кувейт. Дин істер министрлігі. 2 том. Зерттеу жұмысында.

### References

- 1 Ahmad Tashruprizade. Miftah al-saada ya Misbah al-saada fi maudu'at al-ulu'um. Beirut. 1980. 2 tom. 241bet.
- 2 Derbisali A. Islamnyg zhauharlary men zhadigerlikteri. – Almaty. Atamura, 2008.-488 bet.
- 3 Al-Maqrizi (Taqi ad-Din) Al-Mauagiz ual igtibar bi-Zikril hutat ual-Asar. Cairo, 2000, 4 tom.
- 4 Allama al-Maulai Mustafa bin Abdullah al Qustantiny-ar-Ruumi. Kashf al-Zunun an Asami al Koutoubia ual funuun. Beirut. 1992. II-tom. 1849 bet.
- 5 Ibn Farhun. ad-Dibaazhul mazhab fi marifat ayan ulamaai al-mazhab. Beirut. 1996.
- 6 Yosef Tugri Al Burdi Al Atabiki . Manahyl Safi ual Mustaufa Bagdal aluafi . Aalhaia almisriia alama lelcuttab . 1984 . 13 .
- 7 Tabaqatul Sania fi Tarjem Alhanafia . Mualla Taki Eddin ben abdel kader attamimi ad dary . Dar Refai . Arread 1403h 1983 s 2 tom .
- 8 Abi Al Abbas Ahmad ben Hasan ben Ali ben Alhatib . Al uafati Lisan Dar Al Afaak . Beirut 1987 s 2 tom.
- 9 Muhiddin Abi Muhammad . Jauaher Mudiyya fi Tabakty Al-Hanafia . Cairo Maktabaty1 Al-Uusra . 1993. 2168 b
- 10 Al-Hasan Omar Al-Habib Tadhkirat An-Nabiya . Cairo AL-Haia Al-Msiria Al-Amma lel Kuttab . 1986 zh 1340. .III tom .
- 11 Kauam Ad deen Al Itkani Tabeen . Cairo 758 .
- 12 Abu Mansur Al-Matrudi. Tauilat Ahly Sunna . Beirut . Dar Al-Kutub Al-Ilmia 2005 6236 b.
- 13 Abdullah Harrari Matalibu Al Uafia . Beirut. Dar Al-Kutb Al-Ilmia. 1998 zh. 176 b.
- 14 Ahmad Euuad Allah Al Hizby .Al Matrudiya dirasatan ua taquiman . Riad Dar Al Asema . 324 b.
- 15 Burhanuddin әl-marғinani. Al-hidayah . Beirut Dar Al-Kutub Al-Ilmia 2010 4 tom.1120 b.
- 16 Nushatu Darul Kutub al-Misri raqam 276.
- 17 Abu-Abdullah Mohammad Ahmad Al-Ansary Al-Kurtybi . ALgame Li-Ahkami Quran ual Mubain Lima tadmanyhy mina Sunnah ua Ay-el Furkan . Cairo Dar-Alkutb AL-Misria . 1953 zh 10 tom .
- 18 Ibn a`bidinnig Radyu almuhtar . Beirut Dar Al-Kutyb Al-Ilmia.14tom .
- 19 Hazhy Halifa fi Kashf Zunyyn . Beirut Dar Al- Alkutyb Al-Ilmia 2008zh . 4144.
- 20 Mustafa Abd Allah Alkistantiny Al Ayymi Al Hanafi. Kashf Azzynyyn. Aman Dar Al Fikr 1982 zh. 2 tom.
- 21 Dr. Sabir Nasr tabiyn Kuwait Din ister Ministry 2 tom . kitabyna zertteuinde .